

6D080800 - «Топырақтану және агрохимия» мамандығының докторанты Бейсенбаева Маусымжан Есболовнаның «Оңтүстік Қазақстанның кәдімгі сұр топырақтарының суару және минералдық қоректену режимдерін оңтайландырудың майбұршақ өнімділігіне әсері» тақырыбында жазылған диссертациясына және докторантқа ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Бейсенбаева Маусымжан Есболовнаның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің мемлекеттік тіркеу номері № 0118РК01208 болатын «Әлемдік әртүрлілікті пайдалана отырып, елдің әртүрлі өңірлері үшін жаңа, жоғары өнімді, стресстік факторларға төзімді ортада жоғары сапалы майбұршақ сорттарын құру және енгізу» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында орындалды. Зерттеу жұмысы мақсатты докторантура бағдарламасы шеңберінде жүргізіліп, автор барлық зерттеу міндеттерін жоғары деңгейде орындаған.

Зерттеу 2019-2021 жылдар аралығында «Оңтүстік Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының» тәжірибе танабында жүзеге асырылды. Ауыспалы егіс жүйесінде майбұршақ дақылы күздік бидайдан соң орналастырылып, минералды тыңайтқыштар мен суару жүйесін үйлестіру арқылы өнімділікті оңтайландыру бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Диссертацияда майбұршақ дақылының «Ласточка» сортының өнімділігін арттыру мақсатында суару режимдері мен минералдық тыңайтқыштарды қолданудың заманауи тәсілдері зерттелді. Әсіресе, «Оракул» микротыңайтқышы мен «Вымпел» өсімдіктер өсу стимуляторын қолдану технологиясы егжей-тегжейлі талданып, олардың өнімділікті арттырудағы тиімділігі дәлелденді. Жасалған әдіс-тәсілдер негізінде майбұршақтың өнімділігі 1,6-1,7 есеге арттырылып, экономикалық тиімділігі жоғары нәтижелер алынды.

Атап айтқанда, зерттеулердің бесінші нұскасында тұқым себер алдында «Оракул» микротыңайтқышымен (1,5 л/т) және «Вымпел» өсімдік өсіру стимуляторымен (0,5 л/т) өңдеу, ал өсіп шыққаннан кейін «Оракул» микротыңайтқышы (2,0 л/га) мен «Вымпел» өсіру стимуляторымен (0,5 л/га) бүрку тиімділігі дәлелденді. Нәтижесінде, майбұршақтың биіктігі 77,8 см-ге жетіп, 1000 дәннің массасы 116 г деңгейінде болды, ал дән өнімділігі 26,0 ц/га көрсеткішіне жетті.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер ауыл шаруашылығы саласында қолданбалы маңызға ие және агротехнологияларды жетілдіру үшін практикалық ұсыныстар жасауға негіз болады. Сондай-ақ, бұл тәсілдер су ресурстарын үнемдеуді, тыңайтқыштарды тиімді пайдалануды және майбұршақ дақылының өнімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Бейсенбаева Маусымжан Есболовна докторантура кезеңінен бастап ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоғары деңгейде орындап, өзін еңбекқор, жауапкершілігі мол жас ғалым ретінде көрсетті. Ол далалық тәжірибе, зертханалық жұмыстар мен аналитикалық талдау әдістерін жетік меңгеріп, зерттеу нәтижелерін ғылыми тұрғыдан түсіндіру дағдыларын дамытты. Сонымен қатар, ізденуші кафедраның оқу үрдісіне белсене араласып, ғылыми ой-өрісінің кеңдігі және салыстырмалы талдау жасай алу қабілетімен ерекшеленді.

Зерттеу нәтижелері майбұршақ дақылының өнімділігін арттыруға, суару және тыңайтқыштар қолдану тиімділігін жақсартуға бағытталған еліміздің агроөнеркәсіптік кешеніндегі стратегиялық міндеттерді шешуге елеулі үлес қосады.

Қорыта келе, Бейсенбаева Маусымжан Есболовнаның

«Оңтүстік Қазақстанның кәдімгі сұр топырақтарының суару және минералдық коректену режимдерін оңтайландырудың майбұршақ өнімділігіне әсері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми жаңашылдық элементтері бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрінің Дәрежелер беру қағидаларына сәйкес.

Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың авторы Бейсенбаева Маусымжан Есболовнаны 6D080800 - «Топырақтану және агрохимия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми жетекші:

Сыдық Д.А., а.ш.ғ.д., профессор, ҚР ҰАҒА академигі

